

Ғаппар МАЙМАҚОВ,
Мұхтар Әуезов атындағы ОҚМУ-дің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты:



— «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы орындалып отыр. Жалпы, бұл екі құжат бірін-бірі толықтыра түскен. Жаңа стратегиялық бағдарламада жеті басымдық баса атап көрсетілген. Мұндай ұзақ мерзімді құжат Біріккен Ұлттар Ұйымы, Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік Корея елдері тарапынан қабылданып, езінің игі жемісін бергені баршаға аян. Өйткені, халық санының артуы елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына едәуір әсер етеді.

Ендігі міндет — 2050 жылға қарай дамыған өркениетті отыз елдің қатарына ену. Бұл үшін еліміздегі кадр саясаты мен мемлекеттік басқару жүйесін ретке келтіріп, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік, тағы басқа салаларда көптеген игі тірлік істеуіміз керек. Экономика саласындағы бәсекеге барынша қабілетті әлемдік стандарттарды қолдануға жетуіміз қажет. Жаңа Жолдау ел халқын жігерлендірумен қатар еселі еңбек етуге үндей түсуде.